

**Әкімдіктің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 156 "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 381 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қыркүйекте № 5901 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 309 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 20.06.2017 № 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 156 "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5609 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережесіндегі:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, А. Қасымқанов көшесі, 36 үй.";

16-тармақтың 18) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*